

ӘОК:334.746.4.001.895 (574)

Турдиева Зухра Махмутовна

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы
e-mail: kalibaeva.z@mail.ru

Мамедсупиев Мухтаржан Дамуллаевич

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы
e-mail: muhtargan_d@mail.ru

Аимқұлов Рахат Ашкенович

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы
e-mail: rahataim@mail.ru

Искакова Марал Серікқызы

ҚазИГЗУ, «Экономика» мамандығының докторанты, 2 –ші оқу жылы
Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы
e-mail: mis0508@mail.ru

ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі уақытта кәсіпорындардың тиімділігін анықтайтын маңызды факторлар өндіріс технологияларын түбегейлі жаңартуға және өнімнің жаңа түрлерін шығаруға ықпал ететін инновация деңгейі болып табылады. Сонымен бірге отандық өнеркәсіптік кәсіпорындардың тиімділік өлшемдері негізінен сандық өндіріс пен қаржылық нәтижелерге бағытталған. Кәсіпорынның инновациялық даму әлеуеті инновациялық тартымдылық деңгейімен анықталады. Ғылымға, білімге, ақпараттық жүйелер мен инфрақұрылымды дамытуға ұзақ мерзімді инвестициялар және олардың экономикалық айналымға уақытылы қатысуы ел экономикасын тұрақтандырудың басым бағыттары болып табылады және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың әртүрлі тетіктерін пайдалану арқылы өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін талап етеді.

Бүкіл әлемде инновациялық даму кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және арттыру қажеттілігімен анықталады. Инновацияларды қолдану кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекелесуге, жаңа клиенттер тартуға және олардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі көбінесе кәсіпорынның технологиялық деңгейіне байланысты.

Тірек сөздер: бизнес, қаржы, табыс, әлеумет, өндіріс, бәсекелестік, ғылым

К числу факторов, определяющих эффективность работы предприятий, в настоящее время относятся уровень инноваций, который приводит к радикальному обновлению технологий производства, выпуска новых видов продукции. В то же время целевые критерии эффективности отечественных промышленных предприятий в основном ориентированы на количественные производственные и финансовые результаты.

Инновационные возможности развития предприятия определяются уровнем инновационной привлекательности. Долгосрочные инвестиции в науку, образование, развитие информационных систем и своевременное вовлечение их в экономический оборот являются приоритетными направлениями стабилизации экономики страны и требуют новых методов организации производственно-хозяйственной деятельности на предприятиях с использованием различных механизмов конкурентоспособности.

Инновационное развитие во всем мире связано с необходимостью поддерживать и улучшать конкурентоспособность бизнеса на регулярной основе. Использование инноваций позволит предприятиям эффективно конкурировать на рынке, привлекать новых клиентов и улучшать свои финансовые показатели. Уровень конкурентоспособности предприятия во многом зависит от технологического уровня предприятия.

Ключевые слова: бизнес, финансы, доходы, общества, производство, конкуренция, наука.

Among the factors that determine the efficiency of enterprises, currently include the level of innovation, which leads to a radical renewal of production technologies, production of new products. At the same time, the target criteria for the efficiency of domestic industrial enterprises are mainly focused on quantitative production and financial results.

Innovative opportunities of enterprise development are determined by the level of innovative attractiveness. Long-term investments in science, education, development of information systems and their timely involvement in economic turnover are priority areas of stabilization of the country's economy and require new methods of organization of production and economic activity at enterprises using various mechanisms of competitiveness.

Innovation development around the world is linked to the need to maintain and improve business competitiveness on a regular basis. The use of innovations will allow enterprises to compete effectively in the market, attract new customers and

improve their financial performance. The level of competitiveness of the enterprise largely depends on the technological level of the enterprise.

Keywords: *Business, Finance, Activity, Society, Producing, Competition, the science*

Қазіргі уақытта Қазақстан шикізатқа бағытталған экономикадан инновациялық даму жолына, индустриалды-инновациялық экономиканың қалыптасу кезеңіне өтті. Әлемдік экономиканың озық тәжірибелерін үйренуге және оны тиімді пайдалануға талпынған елдер үшін бүгінгі таңда индустриалды-инновациялық экономиканы қалыптастыру жүріп жатыр. Сондықтан ұлттық және халықаралық бәсекеде қабілетті болып қалу, әлемнің жетекші елдерінің қатарына кіру үшін мемлекет инновациялық жобаларды қолдауға бірнеше бағдарламалар даярлаған. Инновациялық белсенділікті арттыру экономикалық саясат пен мемлекеттік стратегияның маңызды бағытына айналды.

Экономиканың дамуында шағын инновациялық кәсіпорындар ерекше орын алады. Олардың маңыздылығы жоғары экономикалық тиімділікпен ғана анықталмайды, өйткені мұндай ұйымдар жекелеген салаларда және тұтастай экономикада жоғары технологиялық өнімдер мен технологиялық үдерістерді енгізуге, өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуымен сипатталады.

Инновациялық белсенділік - экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың негізгі жолы. Инновация еңбек өнімділігінің артуына, жаңа өндірістік салалардың, қызметтер мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қызмет көрсету сапасының жоғарылауына және әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігінің жоғарылауына үлес қосады. Инновациялық белсенділік көмегімен инновациялық қызметтің сипаты бағаланады. Инновациялық қызмет белгілі бір технология негізінде болатын нақты іс әрекеттердің құрамы және мазмұнымен сипатталады. Инновациялық белсенділік белгілі бір уақыт аралығында кәсіпорындардың, аймақтың, елдің инновациялық қызметті жүзеге асыруға қатысу деңгейі [1].

Инновациялық қызмет көптеген факторларға байланысты, олардың негізгісі кәсіпорын қызметкерлерінің инновациялық және шығармашылық әлеуеті. Бүгінгі таңда білікті дайындық пен қызметкерлердің кәсіби тәжірибесі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің өсуінің маңызды факторы және соның салдарынан олардың бәсекеге

қабілеттілігі ғана емес, сонымен бірге әр маманның шығармашылық қуатының (шығармашылық белсенділігінің) деңгейі болып табылады. Инновациялық қызмет - қызметкерлердің шығармашылық идеялары мен еңбектерін қолдана отырып, қалыптастыруға және басқаруға болатын ұйымның ішкі ортасының жағдайы. Сыртқы ортаның көрінісі - менеджерлер тікелей реттей алмайтын, бірақ оған тек инновациялық белсенділікті арттыру немесе төмендету арқылы әсер ете алатын кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіші.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі инновациялық үдерістерді реттеуге арналған инновациялық саясат аясында ұйымдастырылып, мына алғышарттарды қамтиды:

- инновациялық бағдарламаны қалыптастыру;
- кәсіпорынның инновациялық қызметін басқаруға арналған құралдарды таңдау;
- инновацияның тиімділігін анықтау үшін бағалау жүйесін әзірлеу;

- қызметкерлердің шығармашылығын материалдық ынталандыру жүйесін дамыту.

Инновациялық кәсіпкерлік қызмет - өндірістің техникалық және технологиялық факторларын жақсартудың жаңа мүмкіндіктерін үнемі іздеуге негізделген бизнесті ұйымдастырудың ерекше үдерісі. Мұнда бизнес құрылымының жаңа жобаны іске асыру тәуекелін қабылдауға дайын болуымен, сондай-ақ туындаған қаржылық, әлеуметтік және моральдық жауапкершілікпен байланысты болатынын айта кету керек. Жалпы, инновациялық кәсіпкерлік қызметті инновацияларды іс жүзінде пайдалану арқылы ең жақсы қасиеттерге ие тауарлар (өнімдер, қызметтер) мен технологияларды құруға әкелетін әлеуметтік экономикалық үдеріс деп айтуға болады.

Инновацияларды жіктеудің негізгі белгілері олардың мәні, ерекшелігі туралы негізгі ұғымдармен толықтырылған (қарапайым өнім, күрделі инновациялық өнім, өнімді өзгерту, технологиялық үдеріс, қызмет көрсету). Инновация үдерісіндегі инновациялардың әрқайсысын мемлекет, өнеркәсіп, компания және әлеуметтік өндіріс пен қатынастар иерархиясының басқа деңгейлерінде дамытуға

болады. Демек, инновациялардың әртүрлілігі оларды дамыту мен таратудың әр түрлері мен нысандарында жүреді. Инновацияларды

дамыту мен тарату саласы өндірістік, ғылыми, қаржылық және құқықтық сияқты типологиялық ұғымдармен ашылады.

Кесте 1- Инновациялық белсенділікті бағалау өлшемдері

№	Инвестициялық белсенділіктің бағаланатын өлшемдері	Өлшемдер сипаттамасы
1	Инновациялық мақсат пен инновациялық стратегияның сапасы	Инновациялық стратегияның инновациялық әлеуетке, сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қатерлеріне, мақсаттарына сай келуі
2	Инновациялық әлеуетті қолдану деңгейі	Басшылықтың қажетті әлеуеті: ресурстарды, ақпаратты, мамандарды және басқаларды тиімді қолдану қабілеті
3	Инновациялық өзгерістерді жүргізу кезінде қолданылатын әдістер мен бағыттар	Инновациялық қалыптасуларды ендірудегі белсенділік, нақты бәсекелік артықшылықтарды алуға бағытталған әдістер мен тұжырымдамаларды қолдану
4	Тартылатын инвестициялар деңгейі	Қолайлы инвестиция көздерін анықтау
5	Бәсекелестік стратегиясына ұйым әрекетінің сәйкестігі	Ортаның жағдайы мен объектінің (инновацияның) жағдайын ескере отырып сәйкес стратегиялық жағдайды қолдану: реактивті, белсенді және жоспарлы-болжамдық
6	Инновациялық стратегия мен оны жүзеге асырудың жылдамдығы	Инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру мен инновациялық зерттеулерді жүзеге асыру бойынша интенсивті іс-әрекеттер
7	Инновациялық белсенділіктің деңгейінің негізділігі	Белсенділік деңгейінің фирманың өзінің және сыртқы ортаның жағдайына сәйкестігі

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің дәрежесі, ең алдымен, оның инновациялық қызметі үшін тиісті өндірістік, ғылыми және ақпараттық базаның болуына, ұйымдастырушылық құрылымына және басқаларына байланысты [2].

Инновациялық белсенділік көмегімен инновациялық қызметтің сипаты бағаланады. Инновациялық қызмет белгілі бір технологиямен жасалған нақты іс-әрекеттің мазмұны және құрамымен сипатталады.

Соңғы уақытта инновациялар кәсіпорын үшін бұрынғыдан да маңызды бола бастады. Нарықта ұйымдар жетекші орынды иелену, өсу үшін инновациялық үдерістерді құрып, дәстүрлі баға бәсекелестігінде өз ұстанымын

сақтау үшін шығындарды төмендетумен ғана тоқтамауы тиіс.

Кәсіпорынның инновациялық қызметінің тиімділігі, ең алдымен, ғылыми эзирлемелердің инновация саласына қатысты жұмыс істейтін инвестициялау, несиелеу, салық салу жүйесінің оңтайлы жұмыс істеуімен анықталады.

Шағын инновациялық кәсіпорындар айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтарға ие, көбінесе ірі кәсіпорындарға қарағанда ғылыми, еңбек және ақпараттық ресурстарды кеңінен қолданады. Шағын бизнес иелері үнемдеуге және инвестициялауға бейім болғандықтан, бұл кәсіпорынның жалпы қызметіне оң әсер етеді [3].

Кесте 2- Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері

	Кәсіпорындардың саны барлығы, бірлік			одан инновациясы барлары			Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен		
	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж
Қазақстан Республикасы	31 077	30854	30501	2879	2974	3230	9,3	9,6	10,6
Ақмола	1 301	1 299	1 207	91	98	93	7,0	7,5	7,7
Ақтөбе	1 234	1 149	1 174	115	116	125	9,3	10,1	10,6
Алматы	1 648	1 797	1 830	129	146	151	7,8	8,1	8,3
Атырау	1 193	1 145	1 161	101	92	96	8,5	8,0	8,3
Батыс Қазақстан	917	932	952	33	49	50	3,6	5,3	5,3
Жамбыл	834	846	841	90	96	96	10,8	11,3	11,4
Қарағанды	2 235	2 309	2 289	238	257	336	10,6	11,1	14,7
Қостанай	1 438	1 475	1 342	161	167	163	11,2	11,3	12,1
Қызылорда	812	784	756	91	89	92	11,2	11,4	12,2
Маңғыстау	1 060	1 131	1 128	43	40	45	4,1	3,5	4,0
Павлодар	1 286	1 292	1 272	83	112	116	6,5	8,7	9,1
Солтүстік Қазақстан	1 049	1 023	1 013	119	115	119	11,3	11,2	11,7
Түркістан	905	939	927	60	50	60	6,6	5,3	6,5
Шығыс Қазақстан	1 985	2 010	2 050	296	303	317	14,9	15,1	15,5
Нұр –Сұлтан қаласы	4 003	4 039	3 975	543	582	583	13,6	14,4	14,7
Алматы қаласы	7 716	7 124	6 997	590	550	670	7,6	7,7	9,6
Шымкент қаласы	1 461	1 560	1 587	96	112	118	6,6	7,2	7,4
ҚР статистика комитеті мәліметтері негізінде									

Кесте деректері қалалар мен өңірлер инновациялық белсенділік деңгейін көрсетеді. Еліміз бойынша инновациясы бар кәсіпорындар саны жыл сайын артып келеді. 2018 жылы инновация саласындағы белсенділік деңгейі 10,6 % болды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша инновациялық белсенділік деңгейі 2018 жылы 15,5% болып отыр.

Бәсекелік ортада ұлттық экон омиканың қуатты болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарының біріне жатады. Ашық нарықтың басты талабының бірі әрбір тұтынушының нақты қажеттілігін қанағаттандыру деп білсек, онда осы талапқа сай экономика құрылымын жасақтау басты міндет болып қала бермек. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы

еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей.

Инновациялық әлеуеті дамыған елдер болашақтың бағдарын елдегі-табиғи ресурстарға қарап емес, адам капиталының, оның интеллектуалдық қуатының шамасына, инновациялық өнім, қызмет, сапалы жұмыс жасай алатын өнеркәсіптік, өндірістік инфрақұрылымның мүмкіндіктеріне, ғылыми-зерттеу, ғылыми-ізденушілік орталықтарының шамасына қарап айқындайды.

Еліміздегі инновациялық белсенділікті инновациялық әзірлемелерді ынталандыру және оларды өндіріске қолдану арқылы қолдау керек. Сонымен бірге, экономиканың жекелеген салаларындағы бәсекелестік жойқын емес, конструктивті болуы үшін мемлекеттің ролін күшейту қажет. Отандық инновациялық белсенді кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілік дәрежесі қандай болса, ел

экономикасының болашақтағы дамуы соған байланысты болады.

Әр кәсіпорын өз қызметінен түсетін табысты көбейтуге және шығындарды азайтуға тырысады. Өндірісті өзгертуге, қолданбалы технологияларды жетілдіруге, өндіріс шығындарын азайтуға, тұтынушылардың қызығушылығын арттыруға және жана қажеттіліктерді жасауға бағытталған сауатты инновациялық саясат бұл

мақсатқа жеткізеді. Кәсіпорынның инновацияға тартылу дәрежесі оның инновациялық белсенділігінің деңгейімен анықталады, одан ұйым инновациялық қызметке қаншалықты көп көңіл бөлетін болса, экономикалық жетістіктің ықтималдығы да жоғары болады деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Андреева Э.А. Методология управления инновационной активностью субъектов национальной инновационной системы России: Автореф. дисс. докт. экон. наук. М, 2010. - 52 с.
2. Филин Н.Н., Булатова Р.М., Мурадова С.Ш. Инновационная деятельность предприятия: активность, эффективность, потенциал // Фундаментальные исследования. – 2018. – № 12-1. – С. 179-183;
3. Рахманова Т. Э., Крюкова А. А. Инновационная активность организации: современные методы оценки // Молодой ученый. — 2017. — №1. — С. 252-254. — URL

Турдиева Зухра Махмутовна

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Абая, 94

Ұялы. тел: 87784135915

Мамедсупиев Мұхтаржан Дамуллаевич

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Абая, 94

Ұялы. тел: 87015128213

Аимкулов Рахат Ашкенович

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Абая, 94

Ұялы. тел: 87015824463

Искакова Марал Серікқызы

ҚазИГЗУ, «Экономика» мамандығының докторанты, 2 –ші оқу жылы, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы. Абая, 94

Ұялы. тел: 87475782618

Шағын кәсіпорындарда инновациялық белсенділікті арттыру жолдары

Турдиева Зухра Махмутовна

Должность: Доктор PhD, заведующая кафедрой «Бизнес и управление» Казахского гуманитарно – юридического инновационного университета г. Семей, Казахстан

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

сот. тел: 87784135915

Мамедсупиев Мұхтаржан Дамуллаевич

Должность: Доктор экономических наук, профессор кафедры «Бизнес и управление» Казахского гуманитарно – юридического инновационного университета г. Семей, Казахстан

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

сот. тел: 87015128213

Аимкулов Рахат Ашкенович

Должность: доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление» Казахского гуманитарно – юридического инновационного университета г. Семей, Казахстан

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

сот. тел: 7015824463

Искакова Марал Сериковна

Докторант 2 года обучения специальности «Экономика» КазГЮИУ
Казахский гуманитарный юридический инновационный университет, город Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

сот. тел: 87475782618

Пути повышения инновационной активности на малых предприятиях

Turdieva Zukhra Mahmudovna

Position: Doctor PhD, Head of the Department of "Business and Management" of the Kazakh Humanitarian Law Innovation University of Semey, Kazakhstan

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Abaya, 94

Mob.phone: 87784135915

Mamedsupiev Mukhtarzhan Damullaevich

Position: Doctor of Economic Sciences, professor of the department "Business and Management" of the Kazakh Humanitarian Law Innovation University of Semey, Kazakhstan

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Abaya, 94

Mob.phone: 87015128213

Aimkulov Rakhmat Ashkenovich

Position: Doctor PhD, senior lecturer of the department "Business and Management" of the Kazakh Humanitarian Law Innovation University of Semey, Kazakhstan

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Abaya, 94

Mob.phone: 87015824463

Iskakova Maral Serikovna

Doctoral student 2 years of study majoring in Economics

Kazakh Humanitarian Law Innovation University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Abaya, 94

Mob.phone: 87475782618

Ways of increasing innovative activity at small enterprises